Автор: Касенова Майра
Пән: Қазақстан тарихы
Сынып: 6-сынып
Бөлім: XIII – XV ғасырдың I жартысындағы Қазақстан
Тақырып: Әбілхайыр хандығы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.3.1.6.-картаны қолдану арқылы Әбілхайыр хандығының географиялық аумағын анықтау 6.1.1.2. Әбілхайыр хандығының этно әлеуметтік құрылымын анықтау. 6.3.2.5-тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, сыртқы саясатын түсіндіру.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар Әбілқайыр хандығының құрылуы туралы біледі . Басым оқушылар XIII- XVI ғ мемлекеттердің этно әлеуметтік құрылымын анықтайды Кейбір оқушылар Әбілқайыр хандығының саясатын талдайды.
Тілдік мақсаттар:	Қазақстан тарихындағы алатын орнын және Әбілқайыр мемлекетінің пайда болу тарихы мәтінімен танысады. (оқылым дағдысы) Әбілқайыр хандығының құрылуы және қазақ тарихындағы маңызын видеролик арқылы тыңдап,түсінеді. (тыңдалым дағдысы) Ақ Орда мен Әбілхайыр ханның сыртқы саяси қарым-қатынас жағдайын байланыстырады (айтылым дағдысы) Әбілқайыр хандығы территориясын картаға түсіреді. (жазылым дағдысы)
Күтілетін нәтиже:	Әбілхайыр хандығының пайда болуы тарихын түсінеді , жер атауларын біледі .Хандықтың этникалық құрылымын қазақ елімен байланыстырады , өзіндік тұжырым жасайды
Бағалау критерийлері:	• Әбілқайыр хандығының географиялық орналасуын анықтайды. (түсіну) • Әбілхайыр кім екендігін анықтайды (түсіну) • Әбілқайыр хандығының саяси тарихын сипаттайды. (Қолдану) • Әбілқайыр хандығының этникалық құрылымын анықтайды. (Қолдану • Әбілқайыр мемлекетінің сыртқы саясатың талдайды. (Талдау)
Құндылықтарды дарыту:	• Отансүйгіштікке; • Ата-бабларымыздың ұлы істеріне мақтаныш; • Қазақ халқының тарихына құрметпен қарау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Bilimlend.kz . Кеспе қағаздар .(сұрақ-жауап)
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, география
Бастапқы білім:	«Сұрақ-жауап» арқылы алдыңғы тақырыпты есіне түсіру.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (7 мин)	Оқушылармен амандасу . Сабаққа зейінін аударуда психологиялық ахуал қалыптастыру «Қазақ Елі» сөз тіркесіне сөйлем құрастыру. Қазақ елінің тарихы ..... Қазақ елінің жері ..... Қазақ елім	"Қазақ елі" ән Слайд 1

Сабақкезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың ортасы (20 мин)	Видео бойынша Әбілхайыр хандығы туралы сұрақ-жауап **Жұптық жұмыс:** Кластер құру 1 Әбілқайыр хандығының құрылуы, жер аумағы. (картаға белгілеу,жазу) жазбаша 2. Халқының этникалық құрамын анықтау (3 термин, тірек сөздер) 3. Әбілқайыр хандығының нығаюы.(3 Хронология) жазбаша 4. Хандықтың әлсіреу себептері (анализ жасау) ауызша Дискриптор: Мәтінді оқып шығып талдау жасау Мәтінді түсініп оқу . 3-тірек сөзді (термин сөзді) атау анықтамасын түсіндіру (3 балл) жазбаша Негізгі мәселе (тарихи оқиға) кластерге түсіру кестеге салу , картада белгілеу, логикалық шынжыр жасау т.б 4 балл (жазбаша) (баяндау ауызша) (баяндауы ауызша) Негізгі оқиғаға қатысты хронологиялық кесте жасау 2 балл (жазбаша) (тарихи уақыт) Тарихи тұлғаны анықтау , баға беру 1 балл (ауызша) Жұптар өз жұмысын қорғайды , тақтаға атаулар мен жылдар жазады. Жоғары балл алған оқушылар Әмір Темір мемлекетімен Әбілхайыр хандығының саяси құрылымы мен ерекшелігіне талдау жасайды .	BilimLent бойынша ақпарат алу . Оқулықпен мәтінмен жұмыс
Сабақтың соңы (7 мин)	Тақтада жазылған тірек сөздер, терминдер, сандар бойынша сабақты бекіту . • Әбілқайыр хандығы қай ұлыстың. құрамында болды? • Тоқсан екі баулы өзбек» шежіресінде қазақ тайпалары туралы не айтылды? • Жәнібек пен Керей сұлтандардың. Әбілқайырдан бөлініп кетуіне қандай жағдайлар себеп болды? • Хандықтың әлсіреуіне қандай оқиға әсер етті?	Слайд№2 Слайд№3
Рефлексия (6 мин)	Мен білген 3 нәрсе Мен қиналған 3 нәрсе Мен білгім келетін 1 нәрсе Менің өзіме қойған бағам (өзін-өзі бағала)	Слайд№4 МММ -әдісі
Үй тапсырма (1 мин)	"Әбілхайыр хан" туралы мәлімет парақшасын дайындау .	